

***«Саусақтың ұсақ моторикасын дамытатын,
мектепке дейінгі балаларға арналған ойындар»***

Педагог – психолог: Д.Р.Садыкова

Саусақтың ұсақ моторикасын дамытатын, мектепке дейінгі балаларға арналған ойындар.

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ моторикасын дамыту арқылы сөйлеу, ойлау және зейінін жетілдіру.

Міндеттері:

- Саусақ бұлшықеттерін белсендіру арқылы жазуға дайындық қалыптастыру.
- Қимыл-қозғалыс пен қол-саусақтың үйлесімділігін дамыту.
- Логикалық ойлау мен зейінді дамыту.

Тәжірибелік ойын түрлері:

1. «Кобелек қайда қонды?» (саусақ жаттығулары).

Материал: Түрлі түсті көбелек стикерлері

Өткізілуі: Балалар саусақтарын бүгін, әр саусаққа көбелекті «қондыру» арқылы әр саусақты жаттықтырады.

Мақсаты: Саусақтардың жеке қозғалысын анықтау.

2. «Мақта теру» (пинцетпен ойын)

Материал: Пластик пинцет, мақта, түсті табақшалар.

Өткізілуі: Балалар пинцетпен мақталарды бір ыдыстан екіншісіне салады.

Мақсаты: саусақтар мен қол қимылын нақты басқаруға дағдыландыру.

3.«Буын арқылы өрмек тоқу»

Материал: Жіп, тесілген картон немесе торлы тақтай.

Өткізілуі: Балалар жіпті әр тесікке өткізіп, өрмек құрады.

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау мен дәл қимылды дамыту.

4. «Құмдағы әріптер!»

Материал: Құм салынған науа.

Өткізілуі: Балалар жіпке моншақ тізіп, білезік немесе алқа жасайды.

Мақсаты: Саусақ қозғалысын арттыра отырып, жазуға дайындық.

5. «Моншақтан әшекей жасау»

Материал: Әр түсті моншақтар, жіп.

Өткізілуі: Балалар жіпке моншақ тізіп, білезік немесе алқа жасайды.

Мақсаты: Саусақ үйлесімділігін, шыдамдылық пен ұқыптылықты қалыптастыру.

Қорытынды: Ұсақ моторка баланың сөйлеу және жазуға дайындығына тікелей әсер етеді. Жоғарыда көрсетілген ойындар жүйелі түрде өткізілсе, балалардың тіл дамуы мен жалпы танымдық қаблеті айтарлықтай жақсарады.